

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№2 (123) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 35 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Мазмұны

<i>Абасилов А.М.</i> Жаңа қазақ әліпбиі: әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, оларды шешу жолдары	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының діни мотивтері ..	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Қасқатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан	21
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Мифтік кеңістіктегі <i>адамзат</i> пен <i>пері-зат</i> байланысы және оның көркем әдебиетте бейнеленуі	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Л.З. Будаговтың «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігінің» қазақ лексикографиясындағы орны	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Кәсіби-бағытталған шетел тілін үйренудің тұлғалық-бағытталған тәсілі	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – сан қырлы дарын иесі	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Ұлы Дала көне есептері және оның Бөлтірік шешен шығармашылығындағы көрінісі	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова Ә.А.</i> Студенттердің тілдік компетенциясын қалыптастыруда аутенттік мәтіндерді қолдану	74
<i>Ерғалиева Райхан</i> Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлттық мәдени мұраның проблемалары	76
<i>Жұманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Студенттерде шетелдік құзыреттілікті қалыптастыру	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Заманауи лингвистикадағы бағалау теориясының дамуы	86
<i>Құзбакова Г.Ж.</i> Қазақ әдет-ғұрыптық ән ырғақтылығындағы сөз просодикасы	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Ағылшын тілін үйрену мен оқытудың маңыздылығы	105
<i>Лазухина Л.В., Әбдіғалиева Т.А.</i> У. Шекспирдің «Отелло» пьесасындағы одағайлардың қазақ тіліне аударылуына талдау	109
<i>Нұрдәулетова Б.И.</i> Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі	116
<i>Нұржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Интернет көмегімен ағылшын және қазақ тілінің сөздік қорын оқыту әдістемесі	123
<i>Нұржаубек А.</i> Қазіргі әлемдік және отандық лингвистикадағы фрейм туралы ізденістер	129
<i>Оспанова А.К., Турдығылова А.К., Бакенова А.М.</i> Шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті қабілеттіліктерін дамуы	139
<i>Тұрысбек Р.</i> Ұлттық тіл табиғаты: әліпби мәні мен эволюциясы (<i>Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің тарихы мен даму үрдістері туралы</i>)	146
<i>Рысбаева Г.Қ., Исаева Ж.Т., Тұңғышбаева Ғ.Ж.</i> Ғаламның тілдік «культ» концептісі	155
<i>Сәрсекенова Қ.Қ., Меліс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Филология мамандығы бойынша білім алушыларды компьютерлік технология бағытында оқыту	166
<i>Шаймерденова Н.Ғ.</i> Қазақстандағы татарлардың тарихы, тілі, мәдениеті	173
<i>Жазбадереқ.</i> Гуманитарлық ғылымдарға саясимәдениет әлемінде заманауи зерттеу	185
<i>Рәсімдеу үлгісі</i>	188

Contents

<i>Abasilov A.M.</i> New Kazakh Alphabet: Sociolinguistic Problems and Their Solutions	8
<i>Abduov M.I. , Abduova N.M.</i> Religious Motifs in “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” Poem	15
<i>Abdrzakova A.A., Akhmetova B.B., Kaskatayeva Zh.A., Bakenova A.M.</i> From History of Development of Some Sacral Concepts with Numerical Component	21
<i>Aimukhambet Zh.A.</i> The interdependence of humanity with the fairy in the mythical space and its reflection in the artistic literature	30
<i>Amangazyieva M.K.</i> L.Z.Budagov’s «Comparative Dictionary of Turkish-Tatar Words» in Kazakh Lexicography	38
<i>Aubakirova G.T., Volodina E.O., Kalieva S.N.</i> Personally-Oriented Approach in Teaching Professionally-Oriented Foreign Language	44
<i>Baibek A.K.</i> Ykili Ybray – Versatile Master of Transformations	51
<i>Baybekov S.N., Shormakova S.M., Ayazbekova I.M.</i> Ancient Tasks of the Great Steppe and Their Place in Boltirik Sheshen’s Work	63
<i>Gauriyeva G.M., Zhumabekova A.A.</i> Use of Authentic Texts for Formation of Students’ Linguistic Competence	74
<i>Yergaliyeva Rakhan</i> The Problem of National Cultural Heritage in Modern Society	76
<i>Zhumanbekova N.Z., Kabdusheva A.B.</i> Formation of Foreign Competencies in Students	81
<i>Iskakova N.S., Islam A.</i> Development of Evolution Theory in Modern Linguistics	86
<i>Kuzbakova G.Zh.</i> Prosody of the Word in Kazakh Ritual Song Rhythmics	96
<i>Kydyrmoldina M.S. , Nurzhanova Zh.D.</i> The Importance of Learning and Teaching English Language	105
<i>Lazukhina L.V., Abdygalieva T.A.</i> Analysis of the translations of U. Shakespeare’s «Othello» plays in the Kazakh language	109
<i>Nurdauletova B.I.</i> Communicative Peculiarities of the Bard Texts	116
<i>Nurzhanova Zh.D, Dadekhan Zh.B.</i> Teaching English and Kazakh vocabulary by means of the Internet	123
<i>Nurzhaubek A.</i> Frame Research in the Modern World and Domestic Linguistics	129
<i>Ospanova A.K., Turdygylova G.D., Bakenova A.M.</i> Development of Reflexive Abilities of Foreign Languages Teacher	139
<i>Turysbek R.</i> Kazakh Inscription is Spirituality (About the history and trends of the Kazakh language based on Latin graphics)	146
<i>Rysbayeva G.K., Issayeva Zh.T., Tungushbayeva G.Zh.</i> Concept of “Cult” in Linguistic Picture of the World	155
<i>Sarekenova K.K., Melis A.M. Toybekova S.R.</i> Training Graduates of Philology Specialty in the Field of Computer Technology	166
<i>Shaymerdinova N.G.</i> The History, Language and Culture of Tatars in Kazakhstan	173
Chronicle. Modern research on humanitarian sciences in the polycultural peace	185
Template	188

Содержание

<i>Абасилов А.М.</i> Новый казахский алфавит: социолингвистические проблемы, пути их решений	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> Религиозный мотивы в лиро-эпическом произведений «Козы Корпеш – Баян сулу»	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Каскатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Из история развития некоторых сакральных понятий с компонентами числительных	21
<i>Аймухамбет Ж.А.</i> Взаимосвязь человечества с феи в мифическом пространстве и его отражение в художественной литературе	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Роль «Сравнительного словаря турецко-татарских наречий» Л.З. Будагова в казахской лексикографии	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Личностно-ориентированный подход в обучении профессионально-ориентированному иностранному языку	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – многоликий мастер перевоплощений	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Древние задачи Великой Степи и их место в творчестве Болтирик шешена	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова А.А.</i> Использование аутентичных текстов при формировании языковой компетенции студентов	70
<i>Ергалиева Р.А.</i> Проблемы национального культурного наследия в современном социуме	76
<i>Жуманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Формирование иноязычных компетенций у студентов	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Развитие теории оценки в современной лингвистике	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Просодика слова в казахской обрядовой песенной ритмике	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Важность обучения и преподавания английского языка	105
<i>Лазухина Л.В., Абдигалиева Т.А.</i> Анализ перевода на казахский язык междометий пьесы У. Шекспира «Отелло»	109
<i>Нурдаулетова Б.И.</i> Коммуникативные особенности текстов жырау	116
<i>Нуржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Приемы изучение английской и казахской лексики с помощью интернет	123
<i>Нуржаубек А.</i> Фреймовый подход в современной отечественной и мировой лингвистике	129
<i>Оспанова А.К., Турдыгылова А.К., Бакенова А.М.</i> Развитие рефлексивных умений учителей иностранных языков	139
<i>Турысбек Р.</i> Природа национального языка: сущность и эволюция алфавита (<i>Об истории и тенденциях казахского языка на основе латинской графики</i>)	146
<i>Рысбаева Г.К., Исаева Ж.Т., Тунгышбаева Г.Ж.</i> Концепт «Культ» в языковой картине мира	155
<i>Саркенова К.К., Мелс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Обучение выпускников филологических специальностей в области компьютерных технологий	166
<i>Шаймерденова Н.Г.</i> История, язык, культура татар в Казахстане	173
<i>Хроника.</i> Современные исследования по гуманитарным наукам в поликультурном мире ...	185
Образец оформления статьи	188

Сведения об авторах:

Оспанова А.К. - магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры английского языка и лингводидактики КарГУ имени Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Турдыгулова Г. Д. - магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры английского языка и лингводидактики КарГУ имени Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Бакенова А.М. - магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры английского языка и лингводидактики КарГУ имени Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Osipanova A.K. - Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of English Language and Linguodidactics of the Karaganda State University named after EA Buketov, Karaganda, Kazakhstan.

Turdygulova G.D. - master of pedagogical sciences, senior lecturer of the English language and linguodidactics chair of the Karaganda State University named after EA Buketov, Karaganda, Kazakhstan.

Bakenova A. M. - master of pedagogical sciences, senior lecturer of the English language and linguodidactics chair of the Karaganda State University named after EA Buketov, Karaganda, Kazakhstan.

XFTAP 16. 01. 09

Р. Тұрысбек

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ұлттық тіл табиғаты: әліпби мәні мен эволюциясы

(Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің тарихы мен даму үрдістері туралы)

Аңдатпа. Қазақ тілін латын жазуына көшіру қоғамда қолдаумен қатар қызу талқылау, әркім көзқарас, алуан пікірталастар тудырды. Жұмыс тобы, мамандар бақылау-пысықтау, талдау мен талқылаулар жасады. Кемшіліктер де байқалды. Негізсіз әріп, кірме дыбыстар мен ноқаттар көбейді. Артық таңба, апостроф, диграф төңірегінде де пікірталастар өріс алды. Оқып-жазу, үйрену мен үйрету, танып-түсіну қиындық туғызды. Осының негізінде жұмыс тобы, біліми-ғылыми сала өкілдері, IT мамандары мен сарапшылар жұмыла еңбек етті. Нәтижесінде, ҚР Призентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына (26. 10. 2017) өзгеріс енгізіліп, жаңа редакциясы қалың көпшілікке ұсынылды (19. 2. 2017).

Алайда, Әліпби мәселесі, «бір таңба-бір дыбыс» жүйесі оп-оңай жүзеге аса салмайды. Жазу-сызуға, оқып-үйрену мен үйрету ісіне кедергі келтіріп, қиындық туғызатын тұстар соңғы нұсқаға қатысты Жарлық пен өзгерістен де көрініс берді (19. 2. 2018). Әлемдік тәжірибе мен тіл заңдылығын ескеру қажеттілігі айқын аңғарылды.

Түйін сөздер: Латын графикасы, тіл, әлемдік тәжірибе, үйрену, салыстыру, ұлттық руханият.

Кіріспе. Ұлттық тіл – халық қазынасы, ел мерейі. Ел тарихының арғы арналарынан бүгінге жеткен асыл мұрасы, ақыл - парасат мәйегі, ой өрімі, сөз сарасы. Ұлт тарихының арғы-бергі кезеңдеріне қарасақ, даму үрдістеріне мән берсек, әсіресе руханият әлемінде – көне түркі тілі, араб, латын, кирилица сынды жазу үлгілері орын алып, жүзеге асқаны анық.

Осы реттен келгенде, ұлттық кодтың басты белгісі, руханияттың асыл өзегі – әліпби екені айқын аңғарылады. Ол – ұлттық таңбадан, дыбыстар жүйесінен, ой мен сөз үйлесімінен, жазудан терең танылады.

Ақиқатында, жазу – адамзаттың құндылықтар қатарына жатады. Өркениет өзегі, жаңару мен жаңғырудың да көрінісі болып табылады.

Тегінде, жазу жүйесі – әріптер жиынтығы ғана емес. Ол – тіл заңдылығының көрінісі, ол – таңба, емле, дыбыстар жүйесін құрайды.

Ол – үндестік заңының үйлесімді сипаты, ол-лексикалық қор жиынтығы.

Жазу – әліпби, қолтаңба, орфография.

Жазу – жан - жүректің айнасы, көңіл толқындарының сәулелі сәттері, көзқарас пен қолтаңба көрінісі, сөз жүйесі, ой өрімі.

Зерттелу тарихы. Еске түсірсек, қазақ жазуы, яғни ұлттық әліпби тарихын арғы арналардан алатыны, тамыры тереңде екенін аңғарар едік. Көне түркілердің руникалық жазуы – Орхон ескерткіштерінен көрініс берді. Еуразия құрылығында - түркі тілі ұлтара-лық қатнас құралы қызметін атқарды (Ү-ХҮ ғ.ғ.). Араб әліпбиінің қолданыс аясы бірнеше ғасырды қамтыды (X-XX ғ.ғ.). Бұдан байқалатыны, анығында: « Жазу адам ой-пікірінің қағаз бетіне түсірілген сөз, әріп таңбалар жүйесі» [1, 246].

Зерттелу нысандары. Осы орайда, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық уни-верситетінің «Жазу тарихы» мұражайына (2003) бас сұғып, төңірекке жіті көз жіберсек, түбі бір түркі жұрты қолданған – 16 жазу үлгісін аңғарар едік (мысалы, Арамей, Байырғы түркі, Брахми, Соғды, Ұйғыр, Манихей, Қидан, Қытай, Сириялық әліпби, Армян, Моңғол, Тод, Төте жазу (А.Байтұрсынұлы үлгісі), Латын, Кирилл). Әрбірінің белгі, ерекшеліктері танылып, жазу-сызу өнерінің даму жолынан түркілік мәдениет, әліпби мәні, ұнамды үлгі, үрдістері кеңінен көрініс береді. Бұған қарап, ақын айтқандай: «...Тарих қызықтырады, та-рих беттері қызығушылық тудырады» (О. Сүлейменов) дегенге сенгің келеді.

Бұған да негіз жоқ емес. Дат ғалымы В. Л. Томсен (1842-1927) Дания корольдік Ғылым академиясының мәжілісінде әлемді дүр сілкіндіріп, барша жұртты таңғалдырған мәлімдеме жасаған-ды (1893 жыл, 25 қараша). Нәтижесінде, белгілі ғалым Орхон мен Енисей өзендері бойынан табылған ескерткіштердегі құпия жазуды оқудың кілтін тапты. Әрі аталған ескерткіштер түркі халықтарының тілінде жазылғанын, анықтағанындай - «Тәңір», «Түрк» деген сөздердің болғанын дәлелді дәлдіктермен тиянақтап, ғылыми тұрғы-дан баяндағаны баршамызды мадақ сезімге бөлейді.

Қазіргі кезеңде, атап айтқанда тіл тарихы, оның арасында Алтаистика мен түркіта-нудың арғы-бергі тұстары, қолданыс аясы, даму үрдістері зерттеу жүйесіне айналды (қа-раңыз: Ж. Түймебаев, Г. Сағидолла. Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негізі (2015); Ж. Түймебаев, М. Ескеева. Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері (2015) т.с.с.).

Талқылануы мен зерделенуі. Асылы, қазақ жазуы тарихына назар аударған тұста, сөз жоқ «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі» (Орынбор, 1924, 12-18 маусым) және I–Дүниежүзілік түркология құрылтайының маңызы зор болды (Баку, 1926, 26 ақпан–6 наурыз). Өйткені, бұл кезең, уақыттарда (XX ғ.б. алғашқы онкүндіктері) елдік мүдде алға шығып, тарих маңызы артып, құндылықтар қайнарының құрамдас бөлігі – тіл мұраты, табиғаты мен тағдыры қалың көптің жан-жүрегін қозғап, көңіл төріне еркін еніп, басты назарында тұрған-ды. Әліпби мәселесі, жазу жүйесі мен заңдылығы, оған қойылар талап пен талғам, таңдау негізі мен құқығы – қоғамның күретамырына айналған-ды. «Бір әріп - бір дыбыс» жүйесі, табиғаты мен тағылымы, оқып-үйрену һәм үйрету ісі күн тәртібіне өткір қойыл-ды. Осы төңіректегі жарыссөз, ойлар мен толғаныстар, пікірталас пен сұхбаттар өрісі де негізсіз емес еді. Өйткені, тіл – ұлттың жүрегі, елдіктің мерейі, тарихтың айнасы, ой-сөз жүйесінің қайнары, көркемдік кеңістігінің сырлы шежіресі болатын-ды.

XX ғасырдың басында Қазақ АССР-нің астанасы – Орынбор қаласында өткен Қазақ білімпаздарының сіезді материалдарына назар аударар болсақ, қоғамдық ортада, мәдени-рухани өмірде айрықша маңызды құбылыс болғанын аңғарар едік. Әліпби мәселесі, жазу мұраты мен ережесі кең түрде сөз етілді.

1925 жылы жеке кітап болып басылған сіез материалдарын баспаға дайындап, қа-лық көпшілікке қайта ұсынған ф.ғ.д, профессор Ш. Құрманбайұлы былай деп жазады:

«... Съезде жазу ережелері, әліпби мен қазақша пән сөздер мәселесі, ауыз әдебиетін жию шаралары, ғылыми және оқытуға арналған кітаптарды шығару, бастауыш мектептің бағдарламаларын дайындау мәселелері қаралды...

... Бұл съезде, әсіресе тіл мәселесіне айрықша көңіл бөлінген. Съездің күн тәртібіндегі негізгі алты мәселенің үшеуін, яғни тең жартысын тікелей тіл мәселелері құрайды...

... Сондай-ақ, кітаптың қалған бөлігінде де тілді оқыту, сауытты жазу сияқты тілге қатысты ойлар мен тұжырымдар аз кездеспейді» [2, 4].

«Қазақ білімпаздарының құрылтайы» материалдарына ден қойсақ, онда бірнеше мәселелердің басым бағыт алғанын аңғарар едік (Мысалы: жазу ережелері, әліпби мәселесі, қазақша пән сөздер, ауыз әдебиетін жию шаралары, оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары, бастауыш мектептердің бағдарламасы т.с.с.). Бастысы, ұлттық тіл мұраты, бағыты, тарихы сөз етілді.

Осы мәселелер төңірегіндегі, атап айтқанда жазу ережелері, пән сөздері бойынша Е. Омаров, әліпби тақырыбы туралы А. Байтұрсынов, ауыз әдебиетін жинау жөнінде Х. Досмағамбетұлы, ал қосымша баяндаманы Н.Төреқұлов жасайды. Оқыту, білім мектептерін көбейту тақырыбында М. Мырзақұлы арнайы баяндама жасады. Аталған мәселе, тақырыптар төңірегінде пікірталас, ұсыныстар айтылып, арнайы шешім қабылданады.

Сондай-ақ, әліпби тақырыбы, А. Байтұрсынов жобасы, Н. Төреқұлов ұсынысы, латын жазуы хақында кең көлемде пікірталас болады. Түркі тілдес халықтар арасындағы әліпби мәселесі, артық-кем тұстары, ереже мен емле, дыбыс жүйесіне, үйрену мен үйретуге қатысты жағдаяттар да қозғалады.

Еске түсірсек, А. Байтұрсынов әліпби түзу деген түрік жұртында көптен келе жатқан мәселе екенін әр қырынан ашып, кеңінен сөз етеді. Талдау мен салыстырулар жасалып, өзіндік өзгешеліктеріне тоқталады. Кезекті тұста, жақсы әліпбиге тән белгі - ерекшеліктерді, қасиеттерді төмендегіше атайды: «...Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз; Бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып - тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби де қолайсыз болады.

Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліпбидің әріп сүгіреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады.

Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс, әріні тізгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпби баспа сөзді арзандаатады.

Жақсы әліпби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Әрпі сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйретуге жеңіл болады» [2,74]. Бұдан басқа, анығында: «...Қазақ тілінің дыбыстары анықталып ашылған, ол дыбыстарға әріп айналған. Әліпби деген осы болады...Баспа Һәм жазба түрі жағынан – түрік әліпбиін басым бағыттары байқалады... түрік әліпбиін түзеу жұмысы даралаумен бітеді...

Латын әліпбиіне қызыға қоятын ешнәрсе жоқ, латын әрпі ескірген, өлген зат, оны қайтадын тірілтіп аламыз деу адасқандық болады» - дегенді анық-қанық айтады (сонда).

Нәтижесінде, Араб жазуы 1924 жылға дейін қолданылды. Ал, 1924-1929 жылдар аралығында А. Байтұрсынұлы 24 әріптен тұратын – «жәдид», яғни жаңа әліпби түзді. Қолданысқа енді. Әлі де оқып-жазып, пайдаланатындар бар. Мұрағат, мұражай қорларында көптеп кездеседі.

Н.Төреқұлов көзқарасы бойынша, латын әрпі түрікшеге қарағанда артықшылығы, жеңілділігі бары аталады. Бұдан басқа, оқып-үйренуге, жазуға жеңіл, әрі баспа жүзінде де арзанға түсетіні атап көрсетіледі. Әсіресе, атап өтерлігі: «...Латын әрпі жазуға да түрікшеден жеңілірек... Латын әрпінің тағы бір қолайлы жағы – оның жазу машинасына керектігі... бәрін салыстырғанда латын әрпін алсақ, әрі оқуға, жазуға жеңілдігі, әрі жұмысының оңайлығы көрініп тұр...Латын әрпін алу керек...латын жазуын қабылдауы керек...Латын жазуы бізге әрі жеңіл, әрі арзанға түседі», - деп жазу табиғатын, қолданыс аясын, құндылық қырларын көрсетеді. Оқып-жазуға қолайлылығын, басым бағыттарын, маңызын кең ашады [2, 83-84].

Өз кезегінде М. Дулатов латын әрпі мен түрік қарпінің айырмасы барына назар аударады. Түрік әліпбиінде бас әріптер жоқ болса, латыншада бары атап көрсетіледі. Түйінді тұста: «...Латын мәселесін көтеру бізге әлі ерте. Онан да күшімізге тимейтін, қолымыздан келетін түрік әріптерін жеңілдетіп қолдана беруіміз керек», - дегенге ден қояды. Сондай-ақ, «Жазу тәртібі» деген мақаласында: «...Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес... Жазуды тәртібіне салу деген әрбір дыбыстың өзіне арнаған әріп бар. Ол әріптерменен не айтылса, соны жазуға, не жазылса, соны оқуға болады. Бір түрлі жазылған сөзді бұрынғыдай неше түрлі қылып оқуға болмайды» [3, 223-224]. Нәтижесінде, А.Байтұрсыновтың жазу тәртібінің маңызды тұстары, қонымды қырлары барын айтып, ұнататынын ашық жеткізеді.

Сондай-ақ, Алаш ардақтыларының бірі - Ж. Аймауытұлы «Емлені өзгертуге жоба», «Жазу таңбаларымызды азайту туралы жоба», «Жазу мәселесі туралы соңғы сөз», «Ана тілін қалай оқыту керек?», «Пән сөздері қалай табылады?», «Хат таныту әдістері», «Қазақ тілін іске асыру қамы», - деген мақалаларында ұлттық жазу, тіл мұраты, сонымен бірге әріп, емле, дыбыс төңірегіндегі өзекті мәселелерді кеңінен қозғайды. Бұл бағыттағы кейбір ойлары мен толғаныстары төмендегіше беріледі: «... Негұрлым жазу оңайласа, соғұрлым халық мәдениетке тез жуықтайды; бұл күнгі ғылымның бағыты білім беру жолын мүмкін болғанда қысқарту; аз уақытта көп мағлұмат үйрету; оқушының күшіне тигізбей, өте зеректігін тілемей, жұмысын өнімді ету» (« Емле өзгертуге жоба»).

«... Хат танытудың бір қиындығы жазу таңбаларымыздың көптігінен. Қазақтың ана тілінде дыбыс аз (24) болса да, жазуға келгенде көбейіп кетеді. Хат тану қашан оңайланбақ? - Әрине, дыбыс басына бір-ақ таңба болғанда. Біздің түпкі мақсатымыз - дыбыс басына бір таңба беру. Соған жетуге талпыну керек» («Жазу таңбаларымызды азайту туралы жоба»).

«Сөз туралы қиналмай, тілді өз ағымына жіберейік. Ұнамды сөз алынып отырар да, ұнамсыз шығып қала берер.

Кіріп қалған жат сөздерден қашпайық. Орынсыз тілге зорлық қылмайық.

Сөзді пән мамандары, кітап жазушылар шығарсын.

Сөзді таба алмайтын шәлдірік адамдар кітап жазбасын. Оқу кітаптарын педагогтер жазу тиіс. Оқыту жолын білмеген адамның кітабы ұғымды болмайды. Педагогтің қаламға шебері жазу керек.

Жаңадан сөз қосушылар тапқан сөздерін кітабына айрықша жазып отырсын

Кітап жазушылар екі-үш жыл өткенде, тіл туралы кеңесіп, табылған тілдерді қорытып отырсын.

...Қолайсыз алынған сөздер туралы баспа сөз бетінде сын жазылып, жобалар ұсынылсын.

Білім кеңесі (яки орнындағы мекеме) істей алса, жаңа шыққан сөздерді жинастырып, лұғат кітап бастырып отырсын.

Міне, осы жолмен ғана тіл мәселесін оңай шешуге болады деп ойлаймын» («Пән сөздері қалай табылады?»).

«Алғашқы жылғы тіл оқыту жұмысының басты түрлері мынау болу керек:

- оқи, сөйлей білуге жаттықтыру;

- жазуға, жазу сөзіне жаттықтыру;

- қатасыз жаздырып (емле) үйрету...» («Хат таныту әдістері»).

«...Менің негізім: көбінесе іске қолайлы (практика), жеңілдік, қала берсе, естілу. Дұрысында, емлені іске қолайлы болу жағынан ғана қарау керек. ..Білім өскен сайын, ой өседі; оймен бірге тіл өседі. Бірақ тіл шұбалаң, мылжың болмайды, шынығады, шымырланады. Аз сөз, көп мағына – міне, білімнің тілегі. Тіл өскен сайын, дыбыс көбейеді...Аз әріп, көп дыбыс-міне, жақсы хаттың шарты. ...Тіл – жанды зат: өркендейді, дамиды» («Жазу мәселесі туралы соңғы сөз») [4.192]. Тіл құбылысы, заңдылығы, қолданысы да кең орын алады. Негізінен, келтірілген үзінділерден әліпби табиғаты мен тарихы, айтылым мен жазылым мәні, сауаттылыққа жетудің қыр-сыры, оқып-үйрену мен үйрету жолы, жазу үйрету, хат

жазу, ой-сөз жүйесі, мәтін құбылысы, диалогтың қызметі, сөзге төселдіру сипаттары т.с.с. кең орын алады. Жазу тарихына, әліпби мәніне, емле, дыбыс төңірегіндегі мысал-деректерге, өмірдегі һәм тұрмыстағы қолданысына, ерекшеліктеріне назар аударады.

Бұдан басқа, «Еңбекші қазақ» газеті беттерінде С. Мұқанов, Қ. Жұбанов, Е. Омаров, Т. Шонанов, С. Аманжолов, Ә. Марғұлан, А. Ақдәулетов, И. Қайменов т.б. қазақ әліпбиі мен орфографиясы, әдістемелік мәні, тіл мәртебесі туралы мақалалар мен талқылау, пікірталастар орын алды.

Негізінен, 1923-1927 жылдары жаңа әліпби төңірегінде жан-жақты талқылау, қызу пікірталастар кең өріс алды. Осы кезеңде бастамашыл, ынталы топ – «Жаңа әліпби үйірмесі», «Латын тілі үйірмесі» деген курстар ашып, орталықтар ұйымдастырып, жазудың мән-маңызына, табиғаты мен тағылымына мықтап назар аударды. Оқу-білімге, оқып-үйрету мен сауаттылық ісіне, оны жүзеге асыру бағыттарына батыл бет бұрды. Осы тұста, атап айтқанда Н. Төрехұловтың «Жаңа әліпби туралы» кітапшасы қалың көптің қолына тиді (1925).

Сондай-ақ, Солтүстік Кавказда, Якутияда латын қарпіне көшу науқаны кең етек алды. Тіл мұраты, бағыт-бағдары, мәртебесі кеңнен қозғалды.

Түркі тілдес халықтар Орта Азияда, оның ішінде Самарқанд қаласында жиналды. Ұйымдастырушы – Өзбекстан үкіметі болды. Оның жұмысына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан өкілдері қатысты. Жиналыста жаңа әліпби, оқып-үйрену, емле, ереже бойынша бірқатар шешім қабылданды:

- Латын графикасы негізінде жаңа әліпби қабылдау;
- Жаңа әліпби сингормонизм заңына негізделу қажеттілігін ескеру;
- Жаңа әліпбиде бір дыбыс пен бір таңба принципін сәйкестігін көздеу;
- Түркітілдес халықтарда таңба біркелкі болғанын назарға алу;
- Бас әріптермен жазу шарт емес...

Қысқасы, «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі» (Орынбор, 1924, 12-18 маусым) материалдарын, ұлт зиялыларының әліпби мәселесі, жазу ережелері туралы ойлары мен толғаныстарына ден қойған артық емес. Осы тұста ойға алсақ, I–Дүниежүзілік түркология құрылтайының маңызы зор болғанын айқын аңғарар едік (Баку, 1926, 26 ақпан–6 наурыз).

Түркология құрылтайына түркі халықтарының 600-ден астам зиялы топ өкілдері қатысты. Атап айтқанда, Ресейден – К.К. Юдахин, Н.Ф. Яковлев, А.Н. Самойлович, В.В. Бартольд, Н.И. Ашмарин, Л.В. Щерба т.б.. Ал, Қазақстаннан құрылтай делегаттары қатарында – А. Байтұрсынов, Е. Омаров, Б. Сүлейұлы, Н. Төрехұлов және оқу-ағарту қызметкерлері, зиялы топ өкілдері қатысып, әліпби мәнін, табиғаты мен тағылымын кең түрде сөз етті. Дауыс беру нәтижесі бойынша, 101 дауыс – латын әліпбиін қолдады, 7 дауыс - араб графикасына, 9 дауыс - қалыс қалды. Қорытындысы бойынша латын әліпбиі қабылданды [5, 20]. Кейін жаңа әліпби жөнінде талқылау мен пікірталас кең өріс алды. Араб әліпбиін жақтап, таңдағандардың қатарында – А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, А. Байтасов, И. Ахметов, М. Бұралқиев, П. Ғалымжанов болса, латын графикасын қолдағандар – А. Байділдаев, О. Жандосов, М. Жолдыбаев, Н. Төрехұлов, Т. Шонанов, И. Қайменов т.б. Бұдан кейінгі кезеңдерде қазақ жазуының реформасы жөнінде көптеген мақалалар жазылып, пікірталастар өтеді. Бұл ретте «Еңбекші қазақ» газеті беттерінде әліпби төңірегінде жүйелі түрде әралуан мақала, пікірталастар беріліп тұрды (С. Мұқанов, М. Дулатов, Ж. Аймауытұлы, Ә. Марғұлан, С. Аманжолов, Е. Омаров, Т. Шонанов т.б.). Қажеттілігі, өзектілігі айтылды. Сондай-ақ, бұдан кейінгі тұстарда, атап айтқанда:

• 1927 жылы – Қазақстанда «Жаңа алфавит қоғамы» құрылады. Оның төрағасы, қоғам қайраткері – Н. Нұрмақов, құрамында – О. Жандосов, Ғ. Тоғжанов, Т. Шонанов болады.

• 1928 жылдың 9-12 желтоқсанда – Қызылордада алғашқы өлкелік конференция өтеді. Қатысқандар: Н. Нұрмақов, С. Байтоғаев, О. Жандосов, А. Байділдин, Б. Малдыбаев, А. Ермеков, Ш. Сарыбаев, С. Сапарбеков, А. Розыбакиев т.б.).

• 1928 жылдың 18-23 желтоқсанда – Қазанда ОК-тің III- Пленум болады. Оның жұмысына Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Татарстан, Түркіменстан тағы басқа түркі тілдес мемлекет өкілдері қатысады.

Нәтижесінде, әралуан талқылау, пікірталастардан соң КСРО ОАК мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы, яғни «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдайды (1929 жыл, 7 тамыз). Жаңа әліпби нұсқасы – «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттерінде басылады. Әртүрлі бағыт, көзқарас, пікірталастар орын алады.

Халық ағарту комитеті (Наркомпрос) мен Орталық Комитеттің Жаңа әліпби жөніндегі ғылыми-әдістемелік Кеңесінде – ғылыми-орфографиялық бағытта конференция ұйымдастырылады (1929 жыл, 2-4 маусым).

1928 жылдан орта және жоғары мектеп жүйесі Жаңа әліпбиге ауысты. Осы жылдан бастап – «Жаңа мектеп», «Жаршы» журналы, «Қызыл әскер» газеті эксперимент түрінде жаңа әліпби үлгісіне көшіп, көпшілікке жетті.

1930 жылдың ақпан айынан бастап – «Әйел теңдігі», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет» журналдары жаңа әліпбиге көшті.

Негізінен, латын әліпбиіндегі жазу үлгісі - 1929-1940 жылдарға дейін қолданылды. Қазіргі кезеңде еліміз осы бағыт, жүйеге қайта оралды.

1940 жылы 10 қарашада – «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізінде жаңа әліпбиге көшіру туралы» қаулы қабылданады. Бұл кезең де едәуір уақытқа созылды...

Асылы, әліпби ауыстыру, таңдау мен оны жүзеге асырудың маңызы зор. Оның, сөз жоқ әлеуметтік мәні, саяси себептері мен қоғамдық мәні айрықша болып табылады. Осы реттен келгенде, Елбасы Қазақстан халықтары Ассамблеясы XII сессиясында (2006), «Қазақстан – 2050» Даму Стратегиясында - латын қарпіне көшудің қажеттілігін, әлемдік үдерістегі орын-үлесін, бастысы Түркі әлемі үшін маңызды қадам екенін кең түрде қозғайды. Бұдан басқа, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазақ тілінің әліпбиін өзгерту мен оның арғы-бергі тарихына, қоғамдық мәні мен саяси себептеріне, ақпараттық-әлемдік бәсекелестік кеңістігіне кеңінен тоқталды. Жазу реформасы – ұлт айнасы, елдік даму үрдісі, рухани жаңғырудың жарқын көрінісі екенін де кең көлемде сөз етті [6].

Бастапқы тұста, қазақ тіліне негізделген латын графикасы хақында Парламенттің төменгі палатасында тыңдау өтті (11. 9. 2017). Бұл кезеңде халықтық талқылау, пікірталас, сұхбаттар да кең өріс алды. Негізінен, қоғам қолдады. Осының нәтижесінде, Елбасы «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру туралы» Жарлық шығарды (26. 10. 2017).

Қоғамда қолдаумен қатар қызу талқылау, әр қилы көзқарас, алуан пікірталастар кең етек алды. Жұмыс тобы, мамандар әр қырынан қарап, бақылау-пысықтау, талдау мен талқылаулар жасады. Кемшіліктер де байқалды. Негізсіз әріп, кірме дыбыстар мен ноқаттар көбейіп кетті. Артық таңба, апостроф, диграф төңірегінде де пікірталастар өріс алды. Оқып-жазу, үйрену мен үйрету, танып-түсіну қиындық туғызды. Осының негізінде жұмыс тобы, біліми-ғылыми сала өкілдері, IT мамандары мен сарапшылар жұмыла еңбек етті. Нәтижесінде, ҚР Призентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына (26. 10. 2017) өзгеріс енгізіліп, жаңа редакциясы қалың көпшілікке ұсынылды (19. 2. 2017).

Алайда, Әліпби мәселесі, «бір таңба-бір дыбыс» жүйесі оп-оңай жүзеге аса салмайды. Жазу-сызуға, оқып-үйрену мен үйрету ісіне кедергі келтіріп, қиындық туғызатын тұстар – соңғы нұсқаға қатысты Жарлық пен өзгерістен де көрініс берді (19. 2. 2018). Әлемдік тәжірибе мен тіл заңдылығын ескеру қажеттілігі айқын аңғарылды. Тіл – компьютерге емес, компьютер - тілге бейімделгені дұрыс, - деген ұстанымда да қисын бар, шындық сырлары да мол. Тілші-ғалым Ә. Жүнісбеков айтқандай: «Әліпби уақытпен бірге жетіледі», - дегенге де үлкен үміт артып, сеніммен қарауға әбден болады. Жинақтап айтқанда, қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде Ата Заңда (1995) айқындалғаны анық. Ал, қазақ тілі әліпбиін латын

графикасына көшіру ісінде – Түркия, Әзербайжан және Өзбекстан тәжірибесі кең түрде салыстырылып, жан-жақты қарастырылды. Артық-кем тұстарына мән беріліп, маңызды қырлары мен өзектілігіне назар аударылды [5,178].

Осы орайда, ақпарат көздеріне жүгінсек, латын әліпбиінің – 2, 500 жылдан астам тарихы болса, 100-ден жоғары мемлекеттер әлемнің 4 млрд. халқы қолданса, мұның мәні мен маңызы, қажеттілігі мен құндылығы, қолданыс аясы кең екені көрінеді. Бұдан басқа, тіпті: «...әлемнің 112 мемлекеті латын әліпбиін, 48 мемлекет араб әліпбиін пайдаланады деген дерек бар. Әлемдік банк жүйесі бойынша экономикасы озық, жетілген 30 елдің 22-сі, ал экономикасы дамушы іргелі 10 елдің 7-еуі латын әліпбиін пайдаланады екен». [7].

